




Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме – библиография бөлімі

«Есінде елдің Төкені»

/ сазгер Төкен Елтебаев 80 жаста /

Жаднама



Арқалық, 2016

«Есінде елдің Төкені»



Туған елге деген махаббатыңды,
Айтсам деген өнеріндегі – Датыңды!!!
Ғасырлардан-ғасырларға жеткізіп,
Тұрар ісің жарқыратып атыңды.

Хамитбек Мұсабаев

1959-1985 жылдар аралығында Торғай өңірінің мәдениетіне үлкен үлес қосқан ұстаз, кәсіпқой музыкант, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Елтебаев Төкен Сауытбайұлы 5 тамыз 1936 жылы Амангелді ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. Торғай өңірінен шыққан алғашқы жоғары білімді музыка маманы.

1959 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның ұлт аспаптар факультетін бітірген. Институтта оқып жүріп, 1957 жылы Дүниежүзі жастары мен студенттерінің Мәскеуде өткен VI фестиваліне республика делегациясының құрамында қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. Институтты бітірген соң туған жеріне келіп, Амангелді аудандық халық театры мен ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырды. 1961 жылы кеңшараралық ақындар айтысын өткізуге мұрындық болды. 1961 – 1966 жылдары Ленин атындағы мектеп-интернатта музыка сабағынан дәріс берді. 1966 – 1977 жылдары Амангелді аудандық мәдениет бөлімін басқарды. 1974 жылы жаңадан ашылып жатқан Торғай облыстық музыкалық-драма театрының директоры болып тағайындалды. 1975 – 1980 жылдары облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі болды. Осы жұмысты атқара жүріп, республикада тұңғыш фольклорлық «Шертер» ұлт аспаптар ансамблін ұйымдастырды. 1980 жылы Арқалық қаласында ашылған музыкалық училищенің алғашқы ұйымдастырушысы және директоры болды.

Төкен Елтебаев елінің мәдениетін көтерген, қамын ойлаған, талай өнерпаздың ұстазы болған, өнерпаз жастарының буынын қатайтуға атсалысқан санаулы азаматтардың бірі. Өмірден ерте өтсе де, артына із қалдырған сүйікті перзент. Оның есімі аудан орталығындағы музыка мектебіне, өзінің туған жері Қарасу ұжымының орталығындағы көшеге берілді. Арқалықтағы училищеге ескерткіш тақта қойылды.



Сазгер Төкен Елтебаев туралы дәйексөздер:

«... Өнерге араласқаннан бері өзім ұстазым деп санайтын - өмірден ерте өтіп кеткен Төкен Елтебаев ағамыз. Ол кісіні мен жиі еске аламын. Өнер жолының да бұралаң – бұлтарысы көп қой. Сондай бір қиналып жүрген сәттерімде ол кісі ақыл-кеңесін айтып, қолдан келген бар жақсылығын жасаушы еді...»

**Қазақстан Республикасының халық әртісі
Ғазиза Жүмекенова**

«... Төкен аға Торғай өнерпаздары үшін орны бөлек тұлға еді. Оны ағалары, замандастары кейінгі толқын іні-қарындастары баспасөз бетінде жиі айта бастады. Бұл мені қатты қуантады. Мен Төкен ағаға қарыздар едім. Құм арасындағы мектеп-интернатта оқитын маған домбыра мен сырнайдың жан баурайтын сиқырлы тылсымын үйреткен Төкен аға еді...»

**Қазақстан Республикасының халық әртісі
Ғалымжан Құрманов**

«... Мен Төкен ағаның тәжірибесін жастай көріп, бір ауылда өсіп соңынан еріп өнер ұжымдарында ұзақ жылдар қанаттас болғанымды мақтан тұтамын. Асыл ағамыз кезінде басшылық жасаған «Шертер» фольклорлық ансамблін өз қолымен құрған, облыстық, аудандық театр ұжымдарының мүшелері аға өнегесін әркез ардақ тұтады...»

Қыпшақ Қойғарин

«...Облыстық драма театрының ұжымы үшін Торғай өнерімен мәдениетінің ірі тұлғаларының бірі – Төкен Елтебаев есімі қашаннан қастерлі. Т. Елтебаев біздің театрымыздың алғашқы директоры болды. Ол салған сара жолдан аумаған ұжымымыз қазіргі күндері республикаға белгілі ірі өнер ұжымына айналды...»

**1996 жыл А. Байтұрсынов атындағы облыстық
қазақ музыкалық драма театрының ұжымы.**

Төкен туралы толғау

Риза атамекені –
Есінде елдің Төкені!
Атанған едің-ау кезінде,
Торғайдың сырбаз Сәкені!!!

Пәк еді жаны-баладай,
Кең еді - көңілі даладай,
Гүлі еді топтың алқалы,
Баураған көпті данадай!!

Жете алмай кетті 50-ге,
Жазбады тағдыр көруге!
Жан еді құштар қайтесің
Жалындап өмір сүруге?!

Еңбегін халқы біледі,
Қыран боп талай түледі.
Торғайдың өнер көшінің,
Желбіреп тұрған туы еді!!!

Ән мен күйдің серісі,
Арқаның саңлақ арысы,
Жасайды Төкен елімен,
Торғайдың болып намысы!!!

Есіне алса несі мін,
Төкендей сирек асылын.
Шырқасын ән ғып ұрпақтар!
Аяулы аға есімін!!!

Хамитбек Мұсабаев

Шындық семсері

Төкен Елтебаевқа

Сезім сәті, тәңір берген – тілдесі,
Пірге айналған домбыраның пернесі.
Төкен ағам, Батыр Торғай елде өсті.
Күміс өзен, кең жазықта көгілдір,
Сағынышы кеудені өртеп елің жүр.

Өзің тартқан домбыраның шегінде,
Шындықтың семсеріндей - өмір тұр!
Бас пердені, Қосақ, Тірек пернеге,
Сүйеу, Азат, Қашағанға деп дере.
Төс, асудан, Шыңыраудан, Сағаққа,
Саусақтарың сиқырланар енгенде.

Қылаң қағып, домбыра үнін қалқытып,
Жұлдыз көзді сұлуларды толқытып.
Күрсіндіріп сағындыра, күйдіріп,
Күйындаттың, төмен-биік шалқытып.

Шертпе күйді, еркелетіп, үздіре,
Аққу құстай сылаңдатып жүздіре.
Өнеріңмен бағанды елден асырып,
Ғашық еттің, қасты қағып, төс кере.

Аға да көп, іні де бар, тұстасың,
Қазыбектей, көкке өрлеткен ұстазың.
Айтбай, Қайыржан, Аманбай мен Анарлар,
Шәкіртің көп, сұңқарларың ұқсасын.

Жалдама да, Кемер қыстау тұр әлі,
Осы жерден шадыман күй тарады.
Аспан, таулар, мұхит асып, күй тарттың,
Таңдай қағып, кереметке ел қарады.

Қанша өнерді қыссадағы үкімет,
Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет.
Сүгір, Дина, Тоқа, Әбікен күйлері,
Тарихта қазағым – деп өксіп ед.

Бақыткерей Ысқақ

Күнжамал мен Төкеннің күміс тойына!

Апа – жезде құтты болсын күміс той,
Мерекелі ұлы күнгі ұлыс той
Ширек ғасыр отауына жастықтың,
Белгісіндей бақыт, шаттық, достықтың.

Жанұянда бар бақытың – ұл-қызың,
Гүлнар, Бану жаныңдағы құндызың,
Гүлзия мен Гүлсім гүлің жауқазын
Қосағыңмен бақыт тауып ағарсың.

Лебіз тілек, жарқын осы тойыңыз,
Шалқып шаттық, қуат толсын бойыңыз
Денге саулық, ұзақ ғұмыр серік боп
Жүрсін мәңгі құрмет, сыйлық көрік боп

Аман болып қыз – қияда, ұл – ұяда,
Құт береке, бақыт толсын жанұяда
Ыстық лебіз әрқашанда ойымызда,
Айтылатын әлі алтын тойыңызда!

Өрістерін өсе берсін гүл жайнап,
Еңбек оты қарқындасын мың қайнап,
Жанымызға жадыраған от жақтың
Көріңіздер қызықтарын ұрпақтың.

Сіздер менің асқар белім – аспаным,
Жазылмаған көркем – сұлу дастаным
Жүрегімді қолдарыңа алыңдар,
Жарық болып өмірінде қалдыңдар.

**Балдызы Лайық Тоқайұлы-
ауылшаруашылығы ғылымдарының
кандидаты, ақын.**

Сағыныш!

Бүгін өнер байқауы өтіп жатыр Арқалық аспаныңнан күй төгіліп, ән қалықтап тұр. Мына бір жас күйші сізді елестетті, Төкен аға. Сіздің әніңіз шырқалды. Сездің бе, Болат аға. Оркестрді көргенде көз алдыма өзің келдің, Аманбай аға.

Өтті күндер, өтті түндер бәрі де,
Өтті өмірден жасыменен кәріде
Табынғанмын өнер деген тәңірге,
Қанбай жүрмін ән-бұлақтың нәріне.

Еске аламын тарландар өткенін,
Домбырада қоңыр күйде шерткенін.
Күйшілерді ажал тұсар қолынан,
Сол сырбазым Елтебаев Төкенім

Жүрегіме әуендерің қонатын,
Ән болып ұшты өнер деген қанатың,
Сазыңменен кең сахына толатын,
Сенде өттің Хамзаұлы Болатым.

Өзіңді іздеймін сахнадан алаңдай,
Оркестрің күйге қосқан даламдай.
Байқаусызда оққа ұшқан маралдай,
Мәңгі кеттің Мұқышұлы Аманбай.

Күйлеріңе Төкеш аға табынам,
Әуеніңе ақ бөкешім бағынам.
Саусақтарың есте қалды Аманым,
Үш асылды үш ағаны сағынам.

Бірі күйші, бірі сазгер, дирижер,
Үш өнерде өздеріңсің құлагер.
Ұрпақтарың келе жатыр артыңда,
Туын жықпай көтеретін мұрагер.

Сағыныштан таусылмайды сезім көп,
Алдарымнан күтіп тұр ғой өмірлеп.
Шәмші, Шамғон, Нұрғиса деп атаған,
Марқұм дана Өзбекәлі Жәнібек.

Болат Молдашұлы – ақын, сазгер.

Төкен Елтебаев туралы әдебиеттер:

1. Есінде елдің Төкені : естелік кітабы / құраст. : Т. Г. Елтебаева. - Қостанай, 2014.-184 б
2. Кеңбейіл, М. Замандастар заңғары : әдеби – танымдық, сыни зерттеу еңбектер / М. Кеңбейіл. - Алматы, 2009. - 312 б.
3. Торғай өңірінің бас қаласы : құрылуы және даму болашағы : Обл. ғыл - практ. конф. ғылыми мақалалары. – Арқалық : АрқМПИ баспасы, 2006. - 259 бет.
4. Хайроллаұлы, У. Жылы жүректі жайсаң еді: [саз өнерінің майталманы Т. Елтебаев туралы] / У. Хайроллаұлы. Тағылымды шежіре. - Арқалық, 2004. 141-146 б.
5. Торғай елі. Энциклопедия / Құраст. Т. Рсаев. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. - 456 бет.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

1. Айтмагамбетов, А. Забытые мелодии и ритмы "Шертер" [Текст] : [об этнографическом ансамбле "Шертер", популярного в 70-80-е годы] / А. Айтмагамбетов // Арқалық хабары.- 2015. - 12 маусым. - С. 5
2. Елтебаева, К. Ескерткішті неге қозғады? [Мәтін] : [домбырашы Төкен Елтебаевтың мүсінінің алып тасталғаны туралы] / К. Елтебаева // Егемен Қазақстан. - 2008. - 26 қараша. - Б.13.
3. Жапаров, М. Төкен тұрған үй [Мәтін] : [өлең] / М. Жапаров // Арқалық хабары. - 2013. - 2 тамыз. - Б. 1.
4. Жүнісұлы, М. Өнер майталмандарын еске алды [Мәтін] : [кәсіпқой музыкант Төкен Елтебаевқа арналған естелік кітаптың тұсауы кесілді] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. - 2014. - 5 желтоқсан. - Б.10.
5. Мұқатова, О. Өнердегі жайсаң ағам еді... [Мәтін] : [домбырашы Төкен Елтебаев туралы] / О. Мұқатова // Торғай. - 2008. - 4 шілде. - Б.4.
6. Мұсабаев, Х. Түбін тапқан тұлпар [Мәтін] : [өнер тарланы Төкен Елтебаев туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. - 2012. -31 шілде. - Б. 6.
7. Сабыржанұлы, С. Аты қалды өнері мен өшпейтін [Мәтін] : [өлең] / С. Сабыржанұлы // Торғай. - 2014. - 28 қараша. - Б. 3.
8. Сабыржанұлы, С. Есінде елдің Төкені [Мәтін] : [ұстаз Төкен Елтебаев туралы кітаптың тұсау кесері жайында] / С. Сабыржанұлы // Торғай. - 2014. - 28 қараша. - Б. 3.
9. Шөкішев, А. «Шертер» Польшадан оралды [Мәтін] : [«Шертер» ансамблінің Польшаға бару сапары туралы] / А. Шөкішев // Торғай таңы. - 1979. - 12 мамыр.

Сазгер өмірінен фотосуреттер



Талы Саутбайұлының жанұясы



«Шертер» ансамблі Польша елінде.




Арқалық муз. училищесі. 1985 г.



*Төкен Сауытбайұлы Қостанай облысының
делегациясының құрамында
В.И. Ленин жүрген жолдармен саяхатта*

Сазгер Төкен Елтебаев туралы



Ардақты адамның талантты өмірі мен ісі өрнекті. Кеңес ұрпағы менелі ұрпақтың біреуі жасай берген өсиеті сөзі туралы таланттылар бірі де біреуші жаққа Төкөн Елтебаев еді...

Қазақстандағы сүйікті шығармашыларымыз бірі – Төкен Елтебаевтің еліміздегі әдебиетімізге енгізіп еткен еңбегі ерекше. Оның шығармалары бізге өте бауырланарлық. Бүгінгі таңдағымыз еңбегіміз Төкен Елтебаевтің ұрпағымызды өсіріп, онымен бірге өмір сүрініп келеді. Біздің бұл жұмысымыз өзімізге өте бауырланарлық еді. Төкен Елтебаевтің шығармалары бізге өте бауырланарлық еді.

Бірліктеріміз берсе берсін,
Қуаныш, бақыт өмірі берсін.



ҚАЗАҚСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ
Алматы

75 жылдық мерей тойы.



Төкен Сауытбайұлының жанұясынан интервью алу сәті.



**75 жылдық мерей тойын ұйымдастырушы мұражай қызметкерлері
Төкен Сауытбайұлының туған-туыстарымен бірге**

Мазмұны

1. Есінде елдің Төкені.....	2
2. Төкен Елтебаев туралы дәйексөздер.....	3
3. Ақындардың арнаулары.....	4-7
4. Ол туралы әдебиеттер.....	8
5. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар.....	8
6. Өмірінен фотосуреттер.....	9-10
7. Сазгер Төкен туралы.....	11
8. 75 жылдық мерей тойынан.....	12

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru***

***Құрастырушы: Г.К. Сейтқожина
Компьютерлік терілім: Г.К. Сейтқожина
Редактор: А.К. Ахметжанова
Шығарылымға жауапты: А.Ж. Нұрманова
Басуға қол қойылды 04.05.2016.
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлем 1,5***